

**БЕКІТЕМІН**

**«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК**

**директоры**

**М.Н.Дүйсенғали**

**2020 ж. «20»**

*қашқар*

**«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК -да болу  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**1. Жалпы ереже**

Осы қағидалар «Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК (бұдан әрі – Музей) болу кезінде тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған және Музей аумағында болатын барлық адамдардың міндетті түрде орындауына жатады.

Музей аумағына: автотұрақ, кіреберіс аумағы жанындағы вестибюль, киім ілетін аймақ, кірме дәліздер, баспалдақтар, лифті, көрме залы мен экспозициялық залдар, мәжіліс залдары, әжетхана бөлмелері жатады.

Музейге келушілерге қызмет көрсету қауіпсіздігі мен мәдениетін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалардың жұмыс тәртібі мен жауапкершілігі қолданыстағы заңмен және Музейдің желілік нормативтік актілерімен айқындалады.

Музей келушілер үшін дүйсенбіден басқа, 1,2,3 қаңтарды есептемегенде демалыс және мереке күндері күн сайын ашық.

Әр айдың соңғы жұмасы санитарлық күн болып табылады әрі сол күні келушілер үшін қысқартылған күн.

Музей жұмысының басталу және аяқталу уақыты:

- ресми сайтта ([aqtobe-museum.kz](http://aqtobe-museum.kz));
- инстаграм парақшасында [aqtobe\\_muzei](#)
- кіру аймағындағы ақпараттық- анықтамалық тасығыштарда көрсетілген.

Музейге кіру билеті билетте көрсетілген күнге бір реттік келу құқығын береді.

Шұғыл кері оралу жағдайы туындаған кезде келуші Музейге қайта кіру тәртібін келісу үшін әкімшілікке жүгінуге міндетті.

Пайдаланылмаған кіру билеті, қызмет көрсету билеттері кассаға кері қайтарылуы мүмкін.

Кіру билеті, қызмет көрсету билеті пайдаланылмаған жағдайда ақшалай құнын кері қайтару тек кіру билеті пайдаланылмағанын дәлелдейтін келушінің жеке өтініші және Музей әкімшілігінің билеттегі (немесе түбіртектегі) қолының негізінде, жеке басын растайтын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Әуесқой фото мен бейне түсірілімдер түсіре үшін алынған билетті кері қайтару



жоғарыда келтірілген тәртіппен, кіру билеті пайдаланылмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

**Музейге келушілер:** Музей ашық болған күні және сол сағатта ұйымдасқан кезек тәртібімен кассадан кіру билетін алуға **міндетті**. Келуші Музейдің мүлкіне ұқыпты қарауға, тазалықты сақтауға, қоғамдық тәртіпті және осы Қағидалар талаптарын орындауға ұқыптылықпен қарауы қажет.

## **2. Музейде болу тәртібі мен талаптары**

### **2.1. Музейде болу талаптарына мыналар жатады:**

- 1) музей қызметкерлерінің нұсқауларын орындау;
- 2) музейге орталық есіктен ғана кіріп, шығуды жүзеге асыру;
- 3) музейдің экспозициясына кіру үшін тексерме құрал-жабдықтар (интроскоп) және арнайы құрал-жабдықтар (металдетектор) арқылы тексерістен өту қажет. Қажет болған жағдайда жеке заттарға (әйел адамдардың спорт және шаруашылық сөмкелерін, пакеттерді, папкаларды және т.б.), сондай-ақ сыртынан шолып қарау тексерісі жүзеге асырылады;
- 4) сырт киімдерін киім ілетін орынға ілу;
- 5) қол жүгін, сөмкелер, жолдорбалар, кейстер, қолшатырлармен Музей залдарына өтуге тиым салынады. Оларды киім ілетін орынға арнайы ұяшыққа тапсыру қажет.
- 6) музейдің Желілік нормативтік актісінде көрсетілген (көрсетілген санат тізбесі Музей кассасындағы ақпараттық блокқа орналастырылған) жеңілдік санатындағы келушілер үшін Музейге келу жеңілдікпен/тегін қызмет көрсету құқығын растайтын (төлқұжат, жеке куәлік, студенттік билет және басқа да құжаттар) құжатты көрсету кезінде берілетін жеңілдікпен/тегін келуге құқығы бар жеңілдікті/тегін билет негізінде жүзеге асырылады;
- 7) көрме кешеніне келуге құқық беретін билетті бақылау пунктінде көрсету қажет. Осындай билетпен екінші рет өтуге болмайды;
- 8) билетті экспозицияны қарау аяқталғанша (Музейде өткізетін уақыт аяқталғанға дейін) сақтап, әкімшіліктің талап етуімен көрсету қажет;
- 9) түтін шыққан немесе өрт байқалған жағдайда, сондай-ақ келушілердің немесе Музей қауіпсіздігіне әсер етуі ықтимал жағдайларда бұл туралы шұғыл түрде Музей қызметкерлеріне хабарлауы қажет;
- 10) егер де иесіз киімдер мен заттар табылған жағдайда өз еркімен оларды орнынан қозғау әрекеттерін жасамай, бұл туралы дереу Музей қызметкерлеріне хабарлауы қажет;
- 11) баспалдақтарды пайдаланған кезде қауіпсіздік шараларын сақтап, тұтқадан ұстап, оған асылмауы қажет, кішкентай балаларды қолдарынан ұстап жүру немесе қолға алу және олардың баспалдақта өздерін дұрыс ұстауын бақылауы тиіс;
- 12) 14 жасқа дейінгі балалардың Музейге кіруі ересектердің жетекшілігімен ғана мүмкін болады;
- 13) музей кассасынан сатылып алынбаған түрлі құжаттарды көрсету (сыйға берілген сертификат және т.б.) Музейге кіруге негіз болып табылмайды;



14) балалар мен мектеп оқушылары алдын ала жазылусыз келген жағдайда:

- балалар мен мектеп оқушылары ұйымдасқан әр топтың құрамында (16 жасқа дейін) 1 ересек топ жетекшісі болуы тиіс;

- ата-аналар және топты бастап жүрушілер балаларды Музейге келу қағидаларымен таныстырып әрі олардың сақталуына жауапкершілікте болуы тиіс;

15) Музейге топпен кіруге алдын ала мына телефон нөмірі арқылы жазылуға болады: +7(7132) 74-21-43; (10:00-ден 17:00-ге дейін); **дүйсенбі - демалыс күні, әр айдың соңғы жұма күні – санитарлық күн.**

## **2.2. Келушілерге тиым салынады:**

1) сыртқы киіммен, бас киіммен, мойынорағышпен, тері күртемен, күннен қорғайтын көзілдірікпен өтуіне;

2) залда кофталарын, тоқыма жылы және қалың киімдерін шешіп, қолдарында, сөмкелерде ұстап жүрулеріне, белдеріне байлап жүрулеріне;

3) Кез келген мөлшердегі рюкзактармен, үлкен сөмкелермен өтулеріне;

4) аяқ киімсіз және киім-кешексіз жүруге және өтуге;

5) балалар ойыншықтарын, әуе шарларын, гүлдерді, шыбықтарды, кез келген көлемдегі қолшатырларды алып өтуге;

6) турникет арқылы билетсіз (терсіз) өтуге;

7) өз бетінше қызметтік, өндірістік және техникалық бөлмелерге өз еркімен кіруге;

8) тамақпен және сусындармен кіруге;

9) Өздері әкелген кез келген (алкогольді және алкогольсіз) ішімдіктерді ішуге, музей кешеніне мас күйінде кіруге, сондай-ақ есірткіге және уытты еліту жағдайында келуге;

10) пиротехникалық, тез жанатын, уландыратын, уытты, улы заттарды, сұйықтықтарды, тұрмыстық газ баллондарын алып өтуге;

11) кез келген ашық отты, пиротехникалық құрылғыларды (отшашуларды, петардаларды және т.б.) пайдалануға;

12) оқпен атылатын, шанышқылы қару, кесетін және оңай сынатын заттар, сонымен қатар оларды құрайтын және олардан тұратын заттар алып кіруге;

13) кез келген жануарларды өткізуге немесе алып кіруге;

14) музей ғимаратында темекі (соның ішінде электронды сигареттерді) тартуға;

15) макеттер мен витриналарды, ағаш үйді, жан-жануарлар тұлыбтарын т.б. қолмен ұстауға, оларға тиіп кетуге, макеттердің үстіне кез келген заттарды қоюға;

16) LED экранды қолмен ұстауға;

17) балаларды қоршау арқандарының, турникеттің, сүйеніштің, қоршаудың үстіне отырғызуға;

18) музейдің кез келген нысандарына және жабдықтарына, сонымен қатар мүлкіне залал келтіруге, аталған тармақ бұзылған жағдайда мүлікке залал



келтіруші тұлға келтірілген залалды толық көлемде өтейді, аталған жағдай толығымен қағазға түсіріліп, мүлікке залал келгені туралы акт дайындалады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қарауға тапсырылады;

19) музейдің ғимараты мен аумағын кірлетуге және ластауға;

20) заттардың, нысандардың және т.б. беттеріне кез келген жазу жазуға;

21) музей ғимаратында жүгіруге, қатты сөйлеуге, өлең айтуға, экскурсия жүргізілу барысында телефонмен сөйлесуге;

22) музей қызметкерлерімен және басқа да келушілермен төбелесуге, оларға тіл тигізуге;

23) роликті тақтайшаларды және конькилерді, өздігінен жүретін сырғанақтарды, велосипедтерді және басқа да осындай спорт құралдарын әкелуге, сондай-ақ Музейге роликті аяқ киіммен келуге;

24) дауыс күшейткіш арқылы аудиотехника тыңдауға, дыбыс күшейткіш құралдарды пайдалануға және музыкалық аспаптарда (арнайы рұқсатсыз) ойнауға;

25) әкімшінің арнайы рұқсатынсыз Музейдің аумағын коммерциялық, жарнамалық және басқа қызметтер үшін қолдануға;

26) кез келген сипаттағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге;

27) музейдің барлық залдарында (арнайы рұқсатсыз) фото- және бейне түсірілім жүргізуге;

28) жұмыс күні аяқталғаннан кейін музей кешенінде болуға тыйым салынады.

### **3. Музейге келушілердің құқықтары:**

1) музейдің жұмыс кестесіне сәйкес келушілерге барлық экспозиция залдарына және көрме залына кіруге;

2) арнайы рұқсат етілген аймақтарда фото- және бейне аппараттарды (фото- және бейне түсірілім жасауға арнайы билет болған жағдайда) қолдануға;

3) макеттерді тек қоршау сыртынан қарауға;

**Музейде болған кезінде жазатайым жағдайларға тап болмас үшін абай болып, мыналарды ескеру қажет:**

- еден кафелінің сырғанақтығын ескерген жөн;

- залдарда жиі еден ылғалдандырылып, тазалау жұмыстары жүргізіледі;

- балаларды мойынға салып экспозицияларды қарап жүрген жағдайда есіктердің және басқа да қуыстардың биіктігін ескеру қажет;

- мініп-түсу үшін қарайтын тұғырларды пайдалану кезінде өзінің дене мүмкіндіктерін ескерулері тиіс;

- көптеген залдарда ауаны кондициялау режимі қолданылады, кейбір залдарда экспонаттарды сақтау мен ұстау +18+20 градус көлемінде жүзеге асырылады;

- залдарға шыны витриналар қойылған;



**Әкімшілік мына құқықтарды өздеріне алады (өздерінде қалдырады):**

- музей жұмысының уақытын өзгертуге, бірақ алдын ала келушілерді ескертуге;

- кассаның жұмысын ұйымдастыру арқылы Музейдің кіріс аймағында кассалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Тұлғаға кассада қызмет көрсету кезінде жеңілдікпен алынатын билеттерді сату барысында, аталған санаттағы тұлға екенін растайтын тиісті құжатты кассир талап етуге міндетті;

- келушілердің сыртқы киімдерін шешуге арналған киім ілетін орынның жұмысын, сонымен қатар ірі көлемді қол жүктерін және фото-бейне техникаларын сақтауға тапсыру барысында арнайы ұяшықтармен қамтамасыз етуге;

- музейдің кіріс аймағында музей заттары мен коллекцияларына қол жеткізу ережесі мен шарттары туралы мәліметтер бар ақпаратты стендпен қамтамасыз етуі қажет. Стендтер көрінетін қол жетімді жерде келесі форматтардың бірінде: қабырға стендтері, еденге немесе үстелге орналасқан тіреуіштерде және төмендегідей ақпараттардан:

- музейдің жұмыс режимі туралы ақпараттан;
- уақытша көрмелер туралы ақпараттан;
- жабық залдар бойынша ақпараттан;
- музейде көрсетілетін қызметтер тізімі туралы ақпарат;
- экскурсияға тапсырыс беру мүмкіндігі туралы ақпараттан;
- музейдің электронды каталогын пайдалану ережесі туралы ақпараттан;
- музейдің жұмысы туралы келушілердің пікірі, ескертулері мен ұсыныстарын білдіру әдістері туралы ақпараттан тұруы қажет;

- экспозицияларда залдағы музей заттары, экспозициялық залдың сипаты жөнінде ақпараттан тұратын этикеткалар және ақпараттық парақтармен қамтамасыз етуге;

- бейімделуі төменгі мөлшердегі санатқа жататын: сүйеніш-қозғалтқыштары бұзылған мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, қария кісілерге экспозицияның қол жетімділігін қамтамасыз етуге,

- персоналдың (оның ішінде техникалық персоналдың) Музейге келушілермен сыпайы сөйлесуін, Ережеде көрсетілген бұзушылық жағдайларын қоспағанда, оларға мәжбүрлеу шараларын қолданбауды қамтамасыз етуге;

- Музейге келушілермен тығыз байланыста болатын Музей қызметкерлерінің аты-жөні және қызметі жазылған төс белгісінің болуын қамтамасыз етуге;

- азаматтарды қабылдауды, жазбаша ұсыныстарды, өтініштерді, шағымдарды тіркеуді және заңнамада бекітілген мерзім ішінде оларға жауап беруді қамтамасыз етуге;

- музейге келушілердің қатысуымен түсірілген фото- және бейне материалдарды қолдануға;

- кәсіпқой фото- және бейне түсірілімдерді түсіруге рұқсат етуге;

- қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында арнайы күзет қызметкерлері металл детекторларды қолдана отырып немесе куәгерлердің қатысуымен



келушілерді тінтуге құқылы. Келуші бас тартқан жағдайда әкімшілік музейге кіргізбеу құқығын өз мойнына алады.

- музей әкімшілігі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Музей ғимаратында және аймағында бейне түсірілім жүргізуге;

- әкімшілік Музей кешеніне кіруді шектеу арқылы келушілер санын реттеп отыруға құқылы;

- әкімшілік Музейге кіргізуден бас тарту құқығын өз мойнына алады;

- Музей әкімшілігі экспозиция макетін, сахна сюжеттерін толықтыруға, автомобильдер қозғалысын, ландшафт түстері шешімдерін және т. б. өзгертуге құқылы;

- Музей әкімшілігі қараусыз қалған заттардың жоғалғаны үшін жауап бермейді;

- музей әкімшілігі балаларды және мүгедектігі бар адамдарды арбалармен тасымалдаған кезде музейде болу қағиларының бұзылуына алмайды.

### **Қорытынды ережелер**

Қағидада көрсетілмеген басқа да ережелер үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Музейдің актілерін басшылыққа алу қажет.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Музей директорының бұйрығымен енгізіледі.

Музей әкімшілігі